

**«БЕКІТЕМІН»**

**Тараз инновациялық-гуманитарлық  
университетінің ректоры, ф.ғ.д.,  
профессор**

\_\_\_\_\_ **Е.Саурықов**

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ **2019ж.**

## **СТУДЕНТТЕР ҮЙІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**Қызмет бабында пайдаланылатын басылым**

**Тараз-2019**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Оқу-әдістемелік бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНДІРІЛДІ
- 2 ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: – «Тәрбие жұмыстары» бөлімінің бастығы Р.Нуркина  
– Жетекші маман Г.Мырқасимова
- 3 КЕЛІСІЛДІ: – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор  
С.Аширбеков
- 4 – Оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы Г.Қабылбаева
- 5 Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті ректорының « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.  
№ \_\_\_\_ бұйрығымен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.
- 6 БІРІНШІ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ
- 7 ТЕКСЕРІЛУ МЕРЗІМІ – 2022ж.
- 8 ТЕКСЕРІЛУ ДҮРКІНДІЛІГІ – 3 жыл

Осы құжатты Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің рұқсатынсыз толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды.

## Мазмұны

<b>1 Жалпы ережелер</b>	4
<b>2. Студенттер үйі әкімшілігінің міндеттері</b>	5
2.1. Университет әкімшілігінің міндеттері	
2.2. Студенттер үйі әкімшілігінің міндеттері	5-6
<b>3. Студенттер үйі тұрғындарының құқықтары мен міндеттері</b>	6
3.1. Студенттер үйінде тұрушылардың құқы	
3.2. Студенттер үйінде тұрушылардың міндеттері	7
4. Студенттер үйіне қоныстану және пайдалану ережелері	8
5. Студенттер үйінен шығару реті	9
6. Студенттер үйінде тұру ақысы	10
7. Студенттер үйін басқаратын қоғамдық органдар	10
8. Алғыс білдіру және тұрғындардың жауапкершілігі	11-12

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Тараз Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті «Студенттер үйі» туралы бұл ережелер Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары жайлы» Заңының 113-бабы «Студенттік жатақхана туралы ережелердің» 16-пунктіне, сонымен қатар ҚР «Білім туралы» Заңы, Университет Жарғысы мен өзге де құқықтық-нормативті құжаттарға сай жасалған.

1.2. «Студенттер үйі» университетке бөлінетін мемлекеттік бюджет қорынан, «Студенттер үйін» пайдалану ақысы және университет қызметінің пайда әкелетін бюджеттен тыс өзге де қаржы көздері тарапынан қаржыландырылады.

1.3. Бұл ережелер университет және студенттер, талапкерлер, сонымен қатар Студенттер үйінен орын алатын, Студенттер үйінен шығарылатын өзге де тұлғалардың ара-қатынасын реттейді. Сондай-ақ, көрсетілген тұлғалардың Студенттер үйінде тұрған кезеңіндегі қарым-қатынастарын қарастырады.

1.4. Университеттің Студенттер үйі мына мекен жайда орналасқан: Тараз қаласы, Жамбыл даңғылы, 73. Студенттер үйінің жалпы аумағы – 7130,6 ш.м., орындар саны – 500.

1.5. Студенттер үйінен орын беру мәселесімен университет әкімшілігі және «Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы комиссиясы» айналысады.

1.6. Студенттер үйінің материалдық базасын, ғимараттың шаруашылық қызметі мен қолданысқа берілуін, Студенттер үйінде тұрушылардың тұрмыстық қызметтерін ұйымдастыруды дамыту және нығайту мәселелерімен Әкімшілік-шаруашылық басқармасы айналысады.

1.7. Студенттер үйінің қызметін ұйымдастыру және басшылық жасау ісімен Студенттер үйінің директоры айналысады.

1.8. Студенттер үйінде студенттердің тұруы, өз бетімен сабақтарына дайындалуы мен демалуына қажетті жағдайлар жасалған.

1.9. Студенттер үйінде белгіленген тәртіп пен ережелерге сәйкес өз бетімен сабаққа дайындалатын бөлмелер, тәулік бойы жұмыс істейтін электронды оқу залы, қажетті техникамен жабдықталған бөлмелер, тұрмыстық қызметтерді өтеуге және ас әзірлеуге арналған тұрмыстық бөлме, әр бөлмеде раковина, дәретхана және арнайы душ бөлмесі қарастырылған.

1.10. Санитарлық-тұрмыстық қажеттер үшін бөлінген бөлмелер мен ондағы қондырғылар, құрал-жабдықтар Студенттер үйін ұстау жөніндегі санитарлық ережелерімен жарақталады.

1.11. Студенттердің арасынан өз мүдделерін қорғайтын Студенттік Кеңесі құрылған. Кеңес қолдағы Ережелерге сәйкес қызмет атқарады.

## 2. Студенттер үйі әкімшілігінің міндеттері

### 2.1. Университет әкімшілігі міндетті:

- Студенттер үйіндегі бөлме және төсек орынды жалдау жөнінде келісім-шарт жасап, оны орындауға;
- қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқаулар беруге;
- Студенттер үйін ұстауға арналған қаржыны дер кезінде бөліп тұруға;
- Студенттер үйін санитарлық ережелерге сай жиһаздар және құрал-жабдықтармен жарақтандыру, сонымен қатар қажет заттар туралы ережелерге сай мүліктермен қамтамасыз етуге;
- Студенттер үйінде тұрушыларға қажетті коммуналдық-тұрмыстық қызметтер және өз бетімен сабаққа дайындалуға арналған бөлмелермен қамтамасыз етуге;
- Студенттер үйінде қызмет көрсетуші жұмысшыларды белгіленген тәртіп бойынша жасақтауға;
- еңбекті қорғау ережелері мен санитарлық талаптарға сәйкес барлық бөлмелерді қажетті жылу және жарықпен қамтамасыз етуге;
- Студенттер үйі аумағында күзет қойып, рұқсатнамалық режимінің орындалуын қадағалауға;
- тұрғындарды Студенттер үйінде өз бетімен тазалық жұмыстарын жүргізуге қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етуге.

### 2.2. Студенттер үйі әкімшілігінің міндеттері:

- Студенттер үйі бөлмелерін белгіленген санитарлық талаптар мен ережелерге сай ұстау;
- Студенттер үйін қажетті жиһаздар, қондырғылар, музыкалық аспаптар және басқа да мүліктермен жабдықтауға атсалысу;
- Студенттер үйінде және ондағы зат-мүліктер, музыкалық аспаптарды, жалпы техниканы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- Студенттер үйі тұрғындарына арналған коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің, өз бетімен сабаққа дайындалатын бөлмелердің, мәдени іс-шаралардың белгілі бір тәртіппен жүргізілуін ретке келтіріп, оның орындалуын бақылау;
- студенттердің өзін-өзі басқаруын дамыту мақсатында Студенттік Кеңеске көмек беру;
- Студенттер үйінің баспаналық-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға байланысты іс-шараларды жүзеге асыру, жақсарту туралы ұсыныстармен сын-ескерпелерді ескеру;
- ауруға жедел медициналық көмек көрсету, қажет болса ауруханаға жатқызу шараларын қабылдау;

2.3. Университет әкімшілігіне Студенттер үйін ұстау және жөндеу талаптары мен ережелеріне сәйкес жүктелетін міндеттер:

- Студенттер үйі мен оның бөлмелерін жүйелі түрде аралап көру, ондағы санитарлық-техникалық және өзге де қондырғыларды алдын-ала тексеруден өткізіп тұру;
- Студенттер үйі мен ондағы құрал-жабдықтарға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақтылы жасап тұру, санитарлық-техникалық және өзге де қондырғылардың үздіксіз жұмыс жасап тұруын қамтамасыз ету;
- көпшілік пайдаланатын орындарының қажетті деңгейде болуын қамтамасыз ету;
- Студенттер үйін және ондағы санитарлық-техникалық және өзге де қондырғыларды қысқы жылыту мерзіміне алдын-ала дайындау.

### **3. Студенттер үйі тұрғындарының құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Студенттер үйінде тұрушылардың құқы бар:**

- а) Студенттер үйіндегі бөлме мен төсек орынды жалдау жөніндегі келісім-шарттың мерзімі біткенше белгілі бір бөлмеде тұруға;
  - б) университет әкімшілігіне Студенттер үйінде бөлмені жалға алу жөнінде келісім- шартқа өзгертулер енгізу туралы ұсыныс жасауға;
  - в) университет алдындағы барлық шығындарды өтеген жағдайда Студенттер үйіндегі бөлмені жалға алу жөніндегі келісімнен өз еркімен бас тартуға;
  - г) университет әкімшілігінің келісімімен Студенттер үйінің басқа бөлмесіне қоныстануға;
  - д) оқуға және мәдени-тұрмыстық қажетке арналған бөлмелерді пайдалануға, Студенттер үйіндегі техникалық құрылғыларды, музыкалық аспаптар мен құрал-жабдықтарды қолдануға;
  - е) Студенттік Кеңеске сайлауға және өзінің де сайлануына;
  - ж) тұрғындардың тұрмыстық-баспаналық жағдайларын көтеру, тәрбие жұмыстары мен демалысты ұйымдастыру, жатын бөлмелер мен сабаққа дайындалатын бөлмелерді жабдықтау және безендіру мәселелерін Студенттік Кеңеспен бірлесіп шешуге;
- з) Студенттер үйі әкімшілігімен алдын-ала келісіп ата-аналарын шақыру. Ата-аналары мен олардың заңды өкілдерінің аз уақыт аралығында Студенттер үйінде қалуларының басты шарты – олардың қысқа мерзімге баспана беру туралы келісім-шартқа сәйкес жеке бөлмеде (ата-аналар бөлмесі) тұру мүмкіндігі. Ата-аналар Студенттер үйінде үш тәулік қана қала алады. Ал егер олар шеткері аймақтардан келген жағдайда, Студенттер үйінде қалу мерзімі жеті күнге дейін ұзартылады.
- и) Университет әкімшілігінің заңдық құжаттарымен таныс болуға;

к) университет әкімшілігіне Студенттер үйінің қызметкерлерінің үстінен шағым беруге.

### **3.2. Студенттер үйінде тұрушылардың міндеттері:**

а) бөлме, төсек-орынды жалдау туралы университет әкімшілігімен жасаған келісім-шартты, қолдағы Ережелерді, Студенттер үйінің ішкі тәртіп Ережелерін орындауға;

ә) тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолдануға;

б) тұратын бөлмеге, ондағы заттар мен Студенттер үйінің санитарлық-техникалық жағдайына және басқа да дүние-мүлкіне ұқыпты қарауға;

в) қауіпсіздік техникасын, санитарлық-гигиеналық тәртіпті, жатын бөлмелерді пайдалану, өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық және өзге де құрал-жабдықтарды пайдалану ережелерін орындауға;

г) бөлмелер мен көпшілік пайдалану орындарында тазалық сақтауға;

ғ) тұрғын бөлмелерде күн сайын тазалық шараларын жасауға;

д) тұрғын бөлмелердегі бір заттың бұзылғандығын байқаған кезде бірден оны жөндеу шараларына кірісу, директор немесе құтқару қызметіне хабарлауға;

е) ҚР заңнамалары мен Университет Студенттер үйінде бөлме, төсек-орынды жалдауға байланысты жасаған келісім-шартқа сәйкес, университетке келтірген материалдық шығынды өтеуге;

ж) бөлмедегі санитарлық-техникалық немесе өзге де құралдарды сындырған жағдайда, өз есебінен жөнетеді. Студенттер үйі директорының рұқсатымен тұрғын, санитарлық-техникалық және құралдарды сапасы жақсысына өзгертуге, бөлмеге косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

з) баспалдақтар мен қоғамдық жалпы орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға;

и) су, электр жарығы мен жылуды үнемдеп қолдануға;

к) баспаналық төлем ақыны, тұрғындардың қалауы бойынша ұсынылатын өзге де қызметтер мен коммуналдық қызметтер үшін ақыны уақтылы төлеп тұруға;

қ) Студенттер үйінің рұқсатнамалық тәртібін орындауға, бөлмесінің қосымша кілтін Студенттер үйінің әкімшілік өкіліне тапсыруға;

л) Студенттер үйі әкімшілігінің рұқсатынсыз қосымша электр жылыту құралдарды орнатуға;

м) Студенттер үйі әкімшілігінің талаптарын орындауға;

н) Студенттер үйінен біржолата шыққанда өзінің атына жазылған барлық құрал-жабдықтарды тапсыруға.

## 4. Студенттер үйіне қоныстану және пайдалану ережелері

4.1. Студенттер, талапкерлер мен өзге де тұлғалар Студенттер үйіне «Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы» комиссиясының шешімімен қоныстана алады.

4.2. Студенттер үйіне қоныстану үшін бөлме, төсек-орынды жалдау туралы келісім-шарт жасалып, онда бөлменің нөмірі, Студенттер үйінде қалу мерзімі мен төлем ақы көлемі көрсетіледі. Бөлме, төсек-орынды жалдау туралы келісім-шартқа отыру үшін ректордың атына Студенттер үйінен орын алу туралы өтініш, жеке куәліктің көшірмесі, 3x4 фото суреттің 4 данасы, тұрғылықты мекен-жайының анықтамасы, денсаулығы туралы анықтаманы ұсыну қажет.

4.3. Бөлмелерге қоныстандыру «Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы» комиссиясы бекіткен және университет ректоры бекіткен тізімі бойынша жүргізіледі.

4.4. Студенттер үйінен бірінші кезекте орын алу құқығына ие студенттер:

- жетім балалар, балалар үйінің түлектері, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, түрлі топтағы мүгедек балалар, инклюзивті білім алатын студенттер мен Қазақстан Республикасының заңнамаларында анықталған өзге де жеңілдіктерге ие тұлғалар;

- мемлекеттік білім грантының иегері, жоғары балл иегері атанған (қабылдау емтихандары мен емтихандық сессия қорытындысы бойынша) студенттер. Оқудағы үлгерімі бірдей студенттердің арасында мамандығы бойынша жоғары бағаға ие болғаны алдыңғы кезекке шығады.

- университетке қабылданған шетелдік студенттер;

- кәмелетке толмаған студенттер.

4.5. Алған білімінің ақысын толығымен қайтару жөніндегі келісіммен оқуға қабылданған студенттер, кәсіби деңгейін көтеру курстары мен кәсіби білім берудің басқа да түрлерінің тыңдаушылары (шетел азаматтарын қосқанда) Студенттер үйінде бос орындар болса ғана қоныстана алады.

4.6. Студенттер үйінде тұрушыларды тіркеу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ішкі істер органдары белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі. Тіркеуге паспортист-құжатшы қызметкер жауапты. Студенттер үйіне қоныстанған студент үш күннен асырмай Студенттер үйінің құжатшы қызметкеріне барып тіркеуден өтуі қажет.

4.7. Кәмелетке толмаған білім алушыларды тіркеу жалпы негізде, заңды өкілдің қатысуымен растаушы құжаттармен (түпнұсқа, көшірме) жүзеге асырылады.



4.8. Қабылдау емтихандары кезінде талапкерлер Студенттер үйіне университет белгілеген шарттар негізінде ақысын төлеп қала алады.

4.9. Академиялық демалыстан шыққан білім алушыны Студенттер үйіне қоныстандыруды әлеуметтік мәселелер бойынша «Университетке ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы» комиссия шешеді. Бұл ретте Комиссия студенттің академиялық демалысқа шығу себебін, демалысқа шыққанға дейінгі оқу үлгерімін назарға алады.

4.10. Студенттер үйінде тұрушыларға типтік нормаларға сай құрал-жабдықтар қолданысқа беріледі.

4.11. Студенттер үйінде тұрушылар қауіпсіздік техникасының жайттарымен, электр-тұрмыстық құралдарды қолдану туралы нұсқаулармен, қолдағы ережелер және Студенттер үйінің ішкі тәртіптерімен танысулары қажет.

4.12. Бөлмеге қоныстанғанда студент бөлме кілтінің бір данасын апта аралығында Студенттер үйі әкімшілігінің өкіліне тапсыруы қажет.

4.13. Апатқа байланысты бөлмеде жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары аяқталғанша, университет әкімшілігі студентті санитарлық, техникалық талаптарға сай келетін өзге бөлмеге көшіруге міндетті.

4.14. Егер бөлмеде одан әрі тұруына кедергі келтіретін себептері орынды деп табылса, университет әкімшілігі студентті басқа бөлмеге ауыстыру туралы шешім шығаруы мүмкін.

4.15. Студенттің ауырған жағдайында дәрігердің шақыруы және тіркеу журналына белгі қою арқылы изоляторға орналастыру жұмыстары жүзеге асырылады.

## **5. Студенттер үйінен шығару реті**

5.1. Білім алушы университеттен оқудан шығарылған жағдайда, Студенттер үйінен де шығарылады.

5.2. Студенттер үйінен шығарылу студенттің өз еркімен, әкімшіліктің бастамасымен ректорды хабардар ету барысында немесе оқу аяқталғанда жүзеге асырылады.

5.3. Студенттер үйінен шығарылу студенттің университет ректорының атына жазған жеке арызының негізінде жүзеге асырылады.

5.4. Университет әкімшілігінің бастамасымен төмендегі жағдайда еркінен тыс Студенттер үйінен шығарылады:

5.4.1. Оқу орнынан шығарылған жағдайда;

5.4.2. Студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелерін, қолдағы ережелерді, бөлме, төсек-орынды жалға алу туралы келісім-шартты бұзғаны үшін;

5.4.3. Студенттер үйінде әкімшілік қызметкерлерін тыңдамағанда, сонымен қатар тәртіпсіздікке жол бергенде;

5.4.4. ҚР заңнамасындағы белгіленген басқа да себептер бойынша.

5.5. Студенттер үйінен шығару реті: студенттің себептері көрсетілген (талапкерлерден басқа) университет ректоры бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

5.6. Студенттер үйінде тұрушы шығарылу туралы бұйрыққа қол қойғаннан кейін үш күн аралығында:

а) қолхатпен алған Студенттер үйінің мүлкін тапсыруы керек;

б) шығарылу кезінде тұрғын үй ақысы мен өзге де төлемдерді өтеуі керек;

в) бөлмені үш күн аралығында жеке заттарынан босатып беру. Студенттер үйінде тұрушы бөлмені директорға таза, ал мүліктерін сынбаған бүтін күйінде өткізуі тиіс;

г) рұқсат қағаз бен бөлменің кілтін Студенттер үйі әкімшілігіне өткізу;

д) тіркеуден шығу керек.

5.7. Университеттен шығарылғанда (Оқу орнын бітірген кезде) Студенттер үйінде тұрушы бөлмені жалға алу келісім-шартына сәйкес үш күнде босатып, шығуы керек.

5.8. Студенттер үйінен шығарылғанда студенттерге Университет әкімшілігі бітіру қағазын тапсырады. Директордың қолын қойдырған қағазды білім алушы оқу бөліміне өткізуі тиіс.

## **6. Студенттер үйінде тұру ақысы**

6.1. Студенттер үйінде тұру ақысы Университет ұсынған қызметтерінің негізінде анықталады.

6.2. Студенттер үйін пайдаланғаны үшін төленетін ақы тұрғындардан бөлме, төсек-орынды жалдау туралы келісім- шартқа сәйкес алынады.

6.3. Университет әкімшілігі тұрғындарға олардың келісімімен қосымша (ақылы) қызметтер көрсетуге құқы бар. Қосымша қызметтердің ақы көлемі мен көрсету реттері Студенттер үйінде тұрушыларға қосымша қызмет көрсету туралы арнайы келісім шартына сәйкес анықталады.

6.4. Студенттер үйін пайдаланғаны үшін төленетін ақы ТИГУ-дың есеп-шотына аударылады.

6.5. Қабылдау емтихандары кезінде Студенттер үйінде тұрған талапкерлер ақыларын ҚР заңнамасына сүйене отырып ТИГУ-дың шарттарына сәйкес өтейді.

## **7. Студенттер үйіндегі өзін-өзі басқару органдары**

7.1. Студенттер үйінің жұмысына студенттердің өзін-өзі басқару органдары да тартылады. Студенттік Кеңес – Студенттер үйінің басқару органы болып

табылады. Студенттік Кеңес ҚР заңнамасы, қолдағы Ережелер және өзге де заң құжаттарымен жетекшілік етеді.

7.2. Студенттік Кеңестің өкілдері ТИГУ және ТИКК студенттерінің өкілеттік органдарының құрамына кіреді.

7.3. Студенттік Кеңес Студенттер үйі тұрғындарының жалпы жиналысы мен қабаттар старосталарының жиналысында сайланған адамдардан тұрады.

7.4. Студенттік Кеңес:

- қабаттар мен бөлмелердегі старосталардың қызметтерін реттейді;
- Студенттер үйіндегі өзіне-өзі қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

- тұрғындарды Студенттер үйі мен оның төңірегіндегі қоғамдық пайдалы жұмыстарды (бөлмелерде тазалау мен жөндеу жұмыстарын жүргізу, жиһаздарды жөндеу, аула тазалау) атқаруға өз еріктерімен қатысуға жұмылдырады;

- Студенттер үйі әкімшілігіне тұрғындарға берілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауға көмектеседі;

- кезекшілік кестесін жасайды;
- тұрғындардың мүддесін қорғайды;
- мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады.

7.5. Студенттік Кеңес Студенттер үйі әкімшілігімен бірлесіп тұрғындардың бөлмелерді, ондағы жиһаздарды қабылдап алу шараларын өз құзыреті аясында ұйымдастырады. Бұл Студенттер үйіндегі бөлмені жалдау туралы келісімнің қолданыс мерзіміне қатысты болады.

7.6. төмендегідей мәселелер міндетті түрде Студенттік Кеңеспен келісілуі керек:

- тұрғындарды әкімшілік бастамасымен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыру;

- тұрғындарға қолданатын алғыс білдіру және жауапқа тарту шаралары;
- Студенттер үйіндегі сабақтан тыс шараларды жоспарлау;
- ТИГУ заңнамалық құжаттарында тікелей көрсетілген өзге де мәселелер.

Университет әкімшілігі Студенттік Кеңес мүшелерін жемісті еңбегі үшін материалдық және моральдық жақтан қолдау үшін шаралар қолданады.

7.7. Студенттер үйінің әр тұрғын жайында (бөлмеде, қабатта) староста сайланады. Қабат старостасы өзі тұратын қабат тұрғындарының жалпы жиналысында сайланады. Тұрғын жай старосталары қызметтерін атқарғанда университеттің заңдық құжаттарын, Студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелерін, қолдағы ережелерді, Студенттік Кеңес пен университет әкімшілігінің шешімдерімен жетекшілік етеді.

7.8. Тұратын бөлменің старостасы:

- тұрғындардың бөлмедегі (қабаттағы) мүліктерге ұқыпты қарауын қадағалайды;

- бөлменің (қабат) тазалығын және жиналып тұрғанын қадағалайды.

## 8. Алғыс білдіру және тұрғындардың жауапкершілігі

8.1. Студенттер үйінің тұрмыс-тіршілігінде белсенділік танытып, әлеуметтік маңызды бастамаларды өткізуге атсалысқан тұрғындарға:

- Алғыс жарияланады;
- Мақтау қағазымен марапатталады;
- Құнды сыйлықпен марапатталады және т.б.

8.2. «Студенттер үйі» мүлкіне нұқсан келтірген тұрғындар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мүліктік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

8.3. Осы ережені, бұзғаны үшін тұрғындарға төмедегідей жаза түрлері қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- Студенттер үйінен шығару.

8.4. Студенттер үйінің ережелерін бұзғаны үшін тұрғын үш күн аралығында жазбаша түсініктеме беруі керек. Одан бас тартқан жағдайда бұл туралы Студенттік Кеңестің екі өкілінің көзінше белгі (акт) жасалуы керек.

8.5. Жауапқа тарту Студенттер үйінің ережесін, бөлме, төсек-орынды жалға алу туралы келісім-шартты бұзғаннан кейін 10 күн аралығында жүзеге асырылады.

8.6. Тұрғынға тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданатыны туралы университет ректорының нұсқауы жарияланып, ол үш күннен соң жүзеге асырылады. Тұрғынның бұйрыққа қол қоюдан бас тартқан жағдайында Студенттік Кеңесінің екі мүшесі растайтын белгі (акт) жасалады.

8.7. Егер 60 күн аралығында тұрғын тәртіптік жауапкершілікке қайтадан тартылмаса, ол жауапкершілікке тартылған болып саналмайды.

8.8. Тұрғындар Студенттер үйінен төмендегідей жағдайларда шығарылуы мүмкін:

а) Студенттер үйінің ережесінде және бөлме, төсек-орынды жалға алу туралы келісім-шартта қарастырылған міндеттерді бір рет немесе жүйелі түрде орындамағаны үшін;

ә) тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолданбаса;

б) тұрғын жайды тұрғындар немесе басқа азаматтар қиратса немесе зиян келтірсе;

в) өзін дөрекі ұстап, айналасындағыларға зиян келтірсе;

г) көршілердің құқы мен мүдделеріне үнемі зиянын келтіру олардың бір бөлмеде тұруын мүмкін емес қылады;

ғ) Студенттер үйінде мас күйінде немесе есірткі заттардың әсерінде келуі;

- д) тұрғындардың Студенттер үйінде бір ай немесе одан да көп мерзімде орынсыз себептермен тұрмауы;
  - ж) тұрғындардың мекен-жай бойынша тіркелмеуі;
  - з) есірткі заттарды сақтау, тарату;
  - и) тұрғындардың жарылғыш, химиялық қауіпті заттар немесе оқ дәрі қаруларын сақтауы,
  - к) университеттен шығару;
  - қ) ҚР заңнамасында көрсетілген өзге де жағдайларда.
- 8.9. Жауапқа тарту ТИГУ ректоры бұйрығынан кейін жүзеге асырылады.